

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық ақпараттық агенттіктерінің материалдарымен алмасу туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 шілдедегі N 793 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 18 қыркүйектегі Ялта қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық ақпараттық агенттіктерінің материалдарымен алмасу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Аударма

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық ақпараттық агенттіктерінің материалдарымен алмасу туралы**

**Келісім**

*Ресми куәландырылған мәтін*

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушылары - мемлекеттер үкіметтері а т ы н а н ,                      б ұ д а н                      ә р і                      -                      Т а р а п т а р ,

Тәуелсіз мемлекеттер достастығын дамыту мен нығайту жөніндегі қызметті бұқаралық ақпарат құралдарында мүмкіндігінше кеңінен жариялау қажет деп есептеп,

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушылары - мемлекеттердің халықтары арасындағы сенімнің, өзара түсіністіктің және ынтымақтастықтың өсуіне белсенді т ү р д е                      ж ә р д е м д е с у д і                      қ а л а п ,

әлемдік қоғамдастықта Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушылары - мемлекеттердің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы шынайы әрі толық түсінік қалыптастыруға жәрдемдесуге ұмтылып,

ақпаратты алмасу мен таратудың тұрақты әрі жедел арналарын қалыптастыруда Талаптардың ұлттық ақпараттық агенттіктерінің қосқан үлесін тани отырып, төмендегі жайлы келісті:

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде аталған терминдердің мынадай мәндері б а р :

ақпараттық агенттік - Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған және жұмыс істейтін, ақпараттық материалды жинау және таратумен үнемі айналысатын ұ й ы м ;

ұлттық ақпараттық агенттік - Тараптың орталық мемлекеттік ақпараттық агенттігі;  
ұлттық ақпараттық агенттіктердің материалдары - ақпараттық агенттіктер беретін  
а қ п а р а т т ы қ ө н і м ;

ақпараттық өнім - тұтынушылардың ақпараттық қажеттіктерін қамтамасыз етуге арналған ұлттық ақпараттық агенттіктер қызметінің материалданған нәтижесі;  
ақпараттық қызмет көрсетулер - ұлттық ақпараттық агенттіктердің өздерінің тұтынушыларына ұсынатын қызмет көрсетулері;  
мемлекетаралық ақпараттық алмасу - Тараптардың ақпараттық өнімді беруі және алуы, сондай-ақ өзара ақпараттық қызмет көрсетулері.

## **2-бап**

Тараптар ұлттық ақпараттық агенттіктер материалдарының ағынын ұлғайтуға, олардың кәсіби байланыстарын нығайтуға, олардың арасында тиімді әрі еркін материал алмасуды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасауға, олар өндіретін ақпараттық өнімді іске асыруға жәрдемдесетін болады.

Тараптар ұлттық ақпараттық агенттіктерге мемлекетаралық ақпараттық алмасу үшін пайдаланылатын ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелердің оңтайлы модельдерін әзірлеуге және пайдалануға көмектеседі.

## **3-бап**

Тараптар ұлттық ақпараттық агенттіктердің материалдарымен алмасу кезінде мынадай негізгі принциптерді басшылық етеді:

Тараптар аумағында тұратын халықтар арасында жан-жақты байланысты нығайтуға көмектесетін және өзара түсіністікті іздеуге жәрдемдесетін материалдардың шынайылығы мен бағалардың сындарлылығы;

Достастықтың егемен мемлекеттері өміріндегі оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді бағалауда біржақтылықты болдырмау;

ТМД қатысушылары - мемлекеттер халықтарының ұлттық немесе конфессиялық сезімдерін қозғайтын жарияланымдардан, ақпараттық хабарламалар мен өзге де материалдардан бас тарту;

Тараптардың ұлттық заңнамасы талаптарына қайшы келетін немесе олардың қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттерді арандатушылықты болдырмау;

оқиғаларды шынайы түрде әрі жан-жақты жариялау, әркімге фактілердің шынайылығына көз жеткізуге және оқиғаларды объективті бағалауға мүмкіндік беретін алуан түрлі ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну;

әр Тараптың мүдделерімен қатар, Тараптардың ортақ мүдделерін толығымен құрметтеу, барлық әлеуметтік топтар мен қабаттар арасында ымыраға қол жеткізуге бағытталғандық;

тең құқықтылық және адамзаттың ортақ мұрасының элементтері - мәдениеттердің көптүрлілігін құрметтеу;

адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының құрамдас бөлігі ретінде танылатын

ақпарат бостандығы мен пікір білдіруді жүзеге асыру;  
адам құқықтарын дамыту, барлық адамдар мен барлық ұлттар құқықтарының теңдігі, экономикалық және әлеуметтік прогресс мақсатында өзара құрмет көрсету және өзара түсіністік.

#### **4-бап**

Тараптар төтенше жағдайларды ескермегенде, олардың жойылуына дейін, осы Келісім шеңберінде мемлекетаралық ақпараттық алмасуды шектейтін шараларды қабылдаудан қалыс қалатын болады.

#### **5-бап**

Ұлттық ақпараттық агенттіктердің әлеуетін белсенді түрде пайдалану, ақпараттық алмасудың деңгейі мен тиімділігін арттыру, ақпараттар ағынында теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында Тараптар осы Келісімнің баптарының орындалуына жауаптылықты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекеттік ақпараттық агенттіктерінің жұмыс істеп тұрған Басшылар кеңесіне жүктейді.

#### **6-бап**

Ақпаратты барынша еркін әрі кеңінен таратуды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар жүйелі түрде консультациялар өткізетін және осы Келісімді іске асыру үшін өзара келісілген іс-шаралар қабылдайтын болады.

#### **7-бап**

Осы Келісімді қолдану және түсіндірумен байланысты даулар мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздер арқылы шешіледі.

#### **8-бап**

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың ол күшіне ену үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы үшінші хабарламаны депозитарийге өткізген күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті хабарламаны депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

#### **9-бап**

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделеді және осы Келісімнің 8-бабымен көзделген тәртіпте күшіне енеді.

#### **10-бап**

Осы Келісім оның баптарын бөлісетін және осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді өз мойнына алуға дайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекеттерге қосылу үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Келісім қосылу туралы құжаттарды депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

#### **11-бап**

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады.

Бұл мерзім өткеннен кейін Тараптар басқа шешім қабылдамаған жағдайда Келісім әрқашан автоматты түрде бес жылдық мерзімге ұзартылады.

## 12-бап

Әрбір Тарап шығуға дейін кем дегенде 6 ай бұрын ол туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттегеннен кейін осы Келісімнен шыға алады.

2003 жылғы 18 қыркүйекте Ялта қаласында бір түпнұсқа данасында орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Азербайжан Республикасының</i>	<i>Молдова Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Армения Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Тәжікстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Грузия</i>	<i>Түркіменстан</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Өзбекстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Украина</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

Осымен қоса беріліп отырған мәтіннің 2003 жылғы 18 қыркүйекте Ялта қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үкімет басшылары кеңесінде қабылданған , Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушылары - мемлекеттердің ұлттық ақпараттық агенттіктерінің материалдарымен алмасу туралы келісімнің түпнұсқалық көшірмесі болып табылатындығын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқалық данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталуда.

*ТМД Атқарушы комитетінің*  
*Т ө р а ғ а с ы -*  
*А т қ а р у ш ы х а т ш ы н ы ң*

*бірінші орынбасары*